

Қаланы жасыл аймаққа айналдыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағытта ең өзекті мәселелердің қатарында аяқсу жүйесін дамыту тұр. Себебі жасыл желекті сақтау мен көбейтуде су тапшылығы басты кедергіге айналатыны белгілі. Осы ретте қала аумағында аяқсу жүйесін ретке келтіру бойынша жүйелі жұмыс қолға алынған.

АЯҚСУ – ЖАСЫЛ ҚАЛА НЕГІЗІ



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қала әкімі Нұржан Ахатовпен бірге қаланы аралап, аяқсу арықтарының қазіргі жағдайын тексерді. Ғ.Мүсірепов көшесі бойындағы аяқсу желілерінің жай-күйін көріп, жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктеді.



Қала аумағындағы 68 көшеде 98,6 шақырым арық жүйесі бар. Оның басым бөлігіне аяқсу жеткізілуде. Ол үшін 35 насос қондырғысы толық қуатымен жұмыс істеп тұр.

«Қызылорда тазалығы» мекемесі аяқсу жеткізілмеген көшелерге жерасты ұңғымалары арқылы су жіберуде. Қазір қаладағы арық және канал жүйелеріне күнделікті қадағалау жүргізілуде. Аяқсу мәселесі бойынша алдағы жоспарлар да ауқымды. Бұл жұмыс қаланың экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, жасыл аймақтардың үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

«Ақмешіт-ақпарат»



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

1 қыркүйек
сейсенбі

№66 (2278)

2026 жыл

апталығы

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ



Қыркүйектің алғашқы күні. Мектеп ауласы қайтадан бала күлкісіне толып, алғашқы қоңыраудың үнімен жаңа оқу жылы басталды. Бірі мектеп табалдырығын алғаш аттап, қолына әліппе ұстап қуанып тұр. Ал екіншісі, балалық шақтан алыстап, үлкен өмірге қадам басуға дайын. Ал мұғалімдер үшін бұл күн – кезекті оқу жылының басталуы ғана емес, шәкірт алдындағы жауапкершіліктің қайта басталатын сәті. Бұл күн – болашаққа бастар жаңа қадамның бастауы.



Аймақта жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары толық аяқталып, мектептер оқушыларды қарсы алды. Өңірдегі 651 мектепке дейінгі ұйым, 327 мектеп, 28 колледж бар. Жаңа оқу жылында 1-11 сынып оқушыларының саны 190 мыңнан асады. Биыл облыс бойынша 17700 бала мектеп табалдырығын аттады. Балалардың сапалы әрі жайлы ортада білім алуы – басты назарда. Оқу

жылына дайындық барысында барлық қажетті шаралар қабылданды. Өңірдегі 31 мектепте ағымдағы жөндеу жүргізіліп, толықтай аяқталды. Оған қоса, мектептердің жылыту жүйелері тексеріліп, қысқы маусымға дайындығы пысықталды. Оқулықтармен және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуде мәселе жок деуге болады.

2-БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

«СЫНҒАН ТЕРЕЗЕ ТЕОРИЯСЫ» НЕМЕСЕ МӘСЕЛЕНІҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ ЖОҚ

Мемлекет басшысы қоғамдағы амандасу этикасы мен зиянды әдеттер, соның ішінде насыбайға қатысты айтқан сыны қоғамда түрлі пікірталас тудырды. Бұл мәселені кейбірі жоғары саяси деңгейге шығаруды артық көрсе, зиялы қауым мен сарапшылар ұлт саулығы мен ішкі мәдениетті реттеу шарасы деп қабылдады. Шынында да, инфляция, жемқорлық және әлеуметтік теңсіздік қысып тұрған заманда мемлекет басшысының «кімнің қалай амандасып, қоғамдық орында өзін қалай ұстайтынына назар аударуы ерсі көрінуі мүмкін. Алайда әлемдік саяси тәжірибе мен әлеуметтану заңдылықтарына үнісек, бұл «ұсақ-түйек» болып көрінген мәселенің артында идеология жатқанын аңғару қиын емес. Бұл бастаманың мәні неде?



Президент бұл бағыттағы жұмыстың бастамашысы өзі болғанын атап өтті. Айтуынша, қоғамда ұлттық дәстүрлерге сай әдеп пен ұстамдылықты қайта жаңғырту маңызды екен.

– Біз бәрібір төл дәстүрлерімізді еске алуымыз керек. Ерадамдар бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, әйелдердің ерлерді сүюі – біздің дәстүрімізде болмаған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ

Тікелей диалог – тиімді нәтиже

Халықтың үніне құлақ асу – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім көпірі. Ал сол сенімді нығайтуда жергілікті мәслихат депутаттарының атқарар ролі орасан. Көшелерді жарықтандыру, сапалы жол мен жайлы аула – қала тұрғындары үшін өзекті қажеттілік. Алайда шаһардың инфрақұрылымы мен әлеуметтік саласында түйткілдер жоқ емес. 24-28 тамыз аралығында өткен ресми қабылдауда қала тұрғындары мен халық қалаушылары бетпе-бет жүзесіп, тұрғындар мұқтажы мен ұсыныстарын ортаға салды. Қалалық мәслихат депутаттары бес күн бойы азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады.

Бекітілген ресми кестеге сәйкес, қалалық мәслихат депутаттары Еркебұлан Нарбаев, Бахтияр Сыздықов, Айгүл Мұсабаева, Әжібек Маммаев, Ерлан Нұртазаев және Еркін Базарбай тұрғындарды тыңдады. Қабылдауда келген қала тұрғындары коммуналдық саланың сапасы, инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік қолдау бағытындағы мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, әлеуметтік көмек алу және



жеке тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жәрдем сұрағандар көп болды. Сонымен қатар тұрақты жұмысқа орналасу және мемлекеттік бағдарламалар аясында баспаналы болу кезектеріне қатысты сауалдар да жолданды. Қала ішіндегі қауіпсіздік пен жайлылық та назардан тыс қалмады.

Тұрғындар «Бейбітшілік» пен Сүлеймен Ишан көшелерінің қиылысындағы жол белгілерін талапқа сай ретке келтіруді және тозған жол сызбаларын жаңалауды сұрады. Сондай-ақ Сүлеймен Ишан мен Қонаратбаев көшелеріне, Махамбет ауылындағы «Наурыз» тұрғын ауданы, М.Стамбеков көшесіне кешкі жарықтандыру шамдарын орнату, асфальт төсеп, жауу жүргініштер жолын салу қажеттілігі де айтылды. Сонымен қоса, тұрғындар Бұқарбай батыр көшесіндегі №58 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына заманауи балалар ойын алаңын салу туралы ұсыныс білдірді. Депутаттар әрбір тұрғынның арыз-шағымды мен ұсыныстарын мұқият тыңдап, хаттамаға түсірді. Қалалық мәслихат депутаттары шаһар тұрғындары жеткізген мәселелер кезек-кезегімен шешімін табатынын жеткізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Сонымен қатар «Жаңа халықтық конституцияның нормалары мен құндылықтары: Адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» атты облыстық педагогикалық тамыз конференциясында жаңа оқу жылына нақты міндеттер қойылды. Өткен оқу жылында Сыр өңірі жоғары нәтиже көрсетті. Мәселен, Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі бойынша Қызылорда облысының жоғары көрсеткішке қол жеткізгенін Мемлекет басшысы Құрылтайда ерекше атап өтті. Сондықтан бұл жетістікке төкмейілсімей, білім сапасын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл тұрғыда аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев нақты міндеттерге ерекше назар аударуды ұсынды.

– Президент ауыл мектептерін дамыту үшін білім сапасы төмен аймақтарға нақты қолдау көрсетудің қажеттігін тапсырды. Қала мен ауыл мектептері арасындағы сапа айырмашылығын одан әрі қысқарту, әрбір баланы тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім беруге жағдай жасауымыз қажет. Сонымен қатар халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, зияткерлік жарыстарға қатысатын дарынды оқушыларды анықтау, даярлау және қолдау жүйесін күшейту керек. Біз осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткізуіміз қажет. Облысымыз үшінші жыл қатарынан республикада бірінші орынға шықты. Бұл – ең алдымен ұстаздардың табанды еңбегі мен мемлекет тарапынан берілген қолдаулардың нәтижесі деп білемін. Облыстың 967 түлегі «Алтын белгі», 1124 түлегі «Үздік аттестат» иегері атанды. Білім алушылардың жетістіктерін мониторингтеу нәтижесінде облыс оқушылары 4-сыныптар арасында республика бойынша үшінші, 9-сыныптар арасында екінші орынға ие болды. Бұл – жақсы нәтиже. Бірақ осы жетістіктермен шектелуге болмайды – деді облыс әкімі.

Жаңа оқу жылында нақты мақсаттар мен міндеттер алға қойылмақ. Атап айтқанда, педагогтердің біліктілігін арттыруға, жас мұғалімдерді қолдау және тәлімгерлік институтын күшейтуге мән беріледі. Сонымен қатар балалардың заңды мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету,



әлеуметтік осал топтағы балаларға қажетті көмек көрсету де басты назарда. Қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін тиімді пайдаланып, балалардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ бүгінгі уақыт талабына сай білім беру жүйесіне жасанды интеллекттің енгізу, кәсіптік білім берудегі жанашыл бастамаларды жүзеге асыру басты орында тұр.

Инновациялық шығармашылық орталығы салынады

Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022 жылдан бері өңірде 121 млрд теңгеден астам қаржыға 46 заманауи білім беру нысаны салынған. Аймағымызда үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілді. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі жаңа технологияларға, жаңа мүмкіндіктерге, шығармашылық шектеуі жоқ кеңістікке жол ашып отыр. Соның нәтижесінде дарынды жастардың ордасына айналған аймағымызда тағы да жаңадан инновациялық шығармашылық орталығының құрылысы басталмақ. Жаңа оқу жылының басты жаңалығы қаламыздағы Әл-Фараби



шағын ауданында 7 млрд теңгеге 360 орындық инновациялық шығармашылық орталық салынбақ. Орталықтың құрылысы биыл басталып, 2027 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Бұл туралы облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев білім қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясында айтты. Бұған дейін «Сыр жұлдыздары» орталығы ашылып, балаларға қосымша білім беру ұйымына айналған болатын. Енді мұндай орталық Қызылорданың тағы бір шағын ауданында бой көтермек.

Мектеп маңында қауіпсіздік күшейтіледі

Жаңа оқу жылында білім сапасымен қатар, оқушылардың қауіпсіздігіне де ерекше мән берілуде. Себебі бала мектепке білім алуға келеді. Ал оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тұтас қоғамның ортақ міндеті. Бүгіннен бастап аймақтағы мектептердің маңында қауіпсіздік шаралары күшейтіледі. Аймақ басшысы мектеп маңындағы жол қауіпсіздігіне де ерекше назар аударуды тапсырған болатын. Әсіресе оқушы саны көп, көлік қозғалысы қарқынды білім беру ұйымдарының аумағында жол полициясы инспекторларының күнделікті кезекшілігін ұйымдастыру қажеттігін атап айтты.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Суреттерді түсірген

Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



Қызылордада алдағы 2026-2027 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қарқын алып, жылу жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар жүргізілуде. Өткен жылу маусымы 1 сәуірде аяқталып, одан кейін қаланың жылу жүйелерінде жоғары қысымды сынақтар өткізілді. Қазіргі таңда қаладағы автономды блок-модульдік қазандықтардың 8-і ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп тұр, сондай-ақ №1 және №3 газтурбиналық қондырғылар штаттық режимде жұмыс істеуде. Кәсіпорынның негізгі және қосалқы қондырғыларын жөндеу жұмыстарының 88 пайызы орындалды. Қызылорда қаласында жалпы ұзындығы 204 шақырым жылу желісі бар, оның тозу деңгейі 40 пайызды құрайды. Жылу желілерін гидравликалық сынау барысында анықталған 42 ақаудың барлығы толық жойылды. Жоспарланған жұмыстарды іске асыру нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейін 39,8 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр.

Қыстың қатты мінезі немқұрайдылықты кешірмейтіні белгілі. Бұл орайда, өңірлік штаб жұмысын күшейту, әкімдер жылу орталықтарының қысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссия жұмысына қатысуы туралы да атап айтылды. Үкімет басшысы жылу маусымына дайындық сақадай сай болу үшін жауапты министрліктер мен мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

Бірінші. Энергетика министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін өңірлерге әлеуметтік мазут жеткізу кестесін бекіту тапсырылды. Қазақстан темір жолы компаниясымен бірге бекітілген кестеге және көлемдерге сәйкес энергия нысандарына көмір мен мазутты уақтылы жеткізу бойынша шаралар қабылдау қажет.

Екінші. Артта қалған әкімдіктерге орын алған мәселелерді тез арада жою қажет. Жылу беру маусымын кестеге сәйкес бастау керек, сонымен қатар ауа-райының өзгеруі мен күннің суытуына қатысты уақтылы әрекет ету керек.

Үшінші. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, өңір әкімдіктері 1 қыркүйекке дейін білім беру және денсаулық сақтау нысандарының толық дайындығын қамтамасыз етсін. Оқу-ағарту, Ғылым және Денсаулық сақтау министрліктері де бұл мәселені бақылауға алысн.

Солтүстік, орталық және шығыс өңірлер бойынша барлық инженерлік инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары 15 қыркүйекке дейін, ал қалған өңірлер 15 қазанға дейін жылулы іске қосуға толық дайын болуға тиіс.

Аймақта жылу беру маусымына дайындық жұмысы жүйелі жүргізілуде. Бұл жұмыс облыс басшысының назарынан тыс қалған емес. Өткен аптада аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев алдағы жылу беру маусымына дайындық барысын тексеру мақсатында қаладағы бірқатар нысанды аралады.

Алдымен Мемлекет басшысының қолдауымен салынған жаңа жылу-электр орталығына барды. 240 МВт электр және 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа орталық құрылысына түркиялық «Akso Energy» компаниясы 215 млрд теңге инвестиция салған. Жоба аясында қуаты 185 МВт болатын 3 газтурбиналық қондырғы, 55 МВт бу турбинасы, сағатына 127 тонна бу өндіретін 3 қазандық және қуаты 150 Гкал/сағ болатын 2 су жылыту қазандығы орнатылды.

Бүгінде орталық толық іске қосылып, 240 МВт электр энергиясы өндірілуде. Сонымен қатар 4 су жылыту қазандығы іске қосылды. Алдағы жылу беру маусымында қала тұрғындары жаңа станция арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ облыс әкімі «Олжас-2005» ЖШС көмір тасымалдаушы операторының қорын көрді. Қазір 6,5 мың тонна қатты отын жеткізілген. Қоймада 2 мың тонна бар, 7 вагон көмір тасымалдануда.

Бұдан кейін аймақ басшысы Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарын көрді. Мектептің спорт залына, кіші зал және киім ауыстыру бөлмелеріне жөндеу жасалған. Сондай-ақ облыстық аурухананың дайындығы да тексерілді. Аралаудан соң жауапты сала басшыларына жылу беру маусымына дайындықты қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Айта кетейік, биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуда 5,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл қаражат 8,7 шақырым жылу желісін жаңғыртуды аяқтауға, №1 және №2 газтурбиналық қондырғыларды күрделі жөндеуге, 1,3 шақырым жылу желісін жаңғыртуға, 1 қазандық пен 1 турбинаны, сондай-ақ 10 автономды қазандықты және негізгі әрі қосалқы қондырғыларды жөндеуге бағытталған.

Жылу беру маусымында тұрғындарға 92 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 19 мың тонна, барлығы 111 мың тонна көмір қажет. Бүгінде өңірлік операторлар көмір қорын толықтыруды бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде. Облыстағы 1079 әлеуметтік нысан жауапты кезеңге 98 пайыз дайын.

Жылу беру маусымында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың жылумен қамтылуын қамтамасыз ету, инженерлік-коммуналдық желілердің тұрақты жұмысын жолға қою және қыс мезгілінде төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында тиісті шаралар атқарылууда. Осыған байланысты Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында жылу беру маусымына дайындық барысы, коммуналдық инфрақұрылымның әзірлігі және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы жөнінде сала мамандарының қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.



Қазіргі таңда жылу көздері, инженерлік-коммуналдық желілер мен әлеуметтік нысандардың дайындығы пысықталып, қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Негізгі мақсат – жылу беру маусымын тұрақты өткізіп, тұрғындар мен әлеуметтік нысандарды үздіксіз жылумен қамтамасыз ету.

– Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғырту, жылу желілері мен қазандықтарды жөндеу, сондай-ақ электр желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бағытында тиісті жұмыстар атқарылууда. Облыстағы 1 079 әлеуметтік нысанның жылу беру маусымына дайындығы бүгінде 98 пайызды құрайды. Алдағы маусымға қажетті көмір қорын қалыптастыру жұмыстары да бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 МВт электр энергиясын және 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы іске қосылды. Алдағы жылу беру маусымында қала тұрғындарын аталған орталық арқылы жылумен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде жылумен қамту сапасын арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда өңірдің жылу беру маусымына дайындығы тұрақты бақылауда, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының басқарма басшысының орынбасары Тахир Қуанышбекұлы.

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – бас инженер Шалқар Рахымшевтің айтуынша, компанияның балансында өртүрлі кернеудегі 10608 шақырым электр желісі және 2058 қосалқы станция бар, олардың жалпы тозу деңгейі 60 пайызды құрайды. Сонымен қатар инвестициялық бағдарлама аясында «КЭТТК» АҚ-ның электр қондырғылары мен электр желілерінің жалпы тозу деңгейін 60 пайыздан 59,5 пайызға төмендету жоспарланған. Қазіргі таңда бекітілген жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Одан бөлек, Жаңақорған, Шиелі, Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы АЭТ-дағы жоспарлы жұмыстар толық аяқталды. Қазіргі таңда, Қазылы, Қызылорда қаласының аумағындағы қосалқы станцияларда тиісті жұмыстар атқарылууда.

«Қызылорда Су жүйесі» МКК өндірістік-техникалық бөлім бастығы Маржан Сырманованың айтуынша, жылу беру кезеңінде сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге ерекше мән берілуде. Кәсіпорынның негізгі нысандары мен

Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуда 5,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл қаражат 8,7 шақырым жылу желісін жаңғыртуды аяқтауға, №1 және №2 газтурбиналық қондырғыларды күрделі жөндеуге, 1,3 шақырым жылу желісін жаңғыртуда, 1 қазандық пен 1 турбинаны, сондай-ақ 10 автономды қазандықты және негізгі әрі қосалқы қондырғыларды жөндеуге бағытталған.

Жылу беру маусымында тұрғындарға 92 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 19 мың тонна, барлығы 111 мың тонна көмір қажет. Бүгінде өңірлік операторлар көмір қорын толықтыруды бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде. Облыстағы 1 079 әлеуметтік нысан жауапты кезеңге 98 пайыз дайын.

инженерлік желілердің техникалық жағдайы бақылауға алынып, қысқы кезеңде туындауы мүмкін ақаулардың алдын алу бойынша тиісті жұмыстар атқарылууда. Бұл жұмыстар коммуналдық жүйелердің тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

– Кәсіпорын қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз етіп, кәріз суларын бұру және тазарту жұмыстарын атқарады. Қазіргі таңда кәсіпорынның қарамағында 117 ауыз су ұңғымасы, 11 насос станциясы, 981,5 шақырым ауыз су және 455,2 шақырым кәріз желісі, 67 кәріз насос станциясы мен 2 биологиялық тазалау станциясы бар. Орташа тәуліктік ауыз су өндіру көлемі 72,4 мың текше метрді құрайды. Жылу беру маусымына дайындық аясында ауызсу және кәріз нысандарында жоспарлы жөндеу, алдын алу және залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, қажетті реагенттер мен материалдар қоры қалыптастырылды. Сонымен қатар инвестициялық бағдарлама шеңберінде тереңдік насос қондырғылары мен өрт гидранттары сатып алынууда. Кәсіпорын алдағы кезеңде болуы мүмкін апаттық жағдайларды жедел жою үшін қажетті материалдық қорлармен қамтамасыз етілген, – деді Маржан Сейтханқызы.

– Қызылордада алдағы 2026-2027 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қарқын алып, жылу жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар жүргізілуде. Өткен жылу маусымы 1 сәуірде аяқталып, одан кейін қаланың жылу жүйелерінде жоғары қысымды сынақтар өткізілді. Қазіргі таңда қаладағы автономды блок-модульдік қазандықтардың 8-і ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп тұр, сондай-ақ №1 және №3 газтурбиналық қондырғылар штаттық режимде жұмыс істеуде. Кәсіпорынның негізгі және қосалқы қондырғыларын жөндеу жұмыстарының 88 пайызы орындалды. Қызылорда қаласында жалпы ұзындығы 204 шақырым жылу желісі бар, оның тозу деңгейі 40 пайызды құрайды. Жылу желілерін гидравликалық сынау барысында анықталған 42 ақаудың барлығы толық жойылды. Жоспарланған жұмыстарды іске асыру нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейін 39,8 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр, – деді «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК директоры Бақытжан Молдабекұлы.

Жылу беру маусымына дайындық мәселесі өте маңызды. Қазіргі таңда барлық жылу қазандығының қыркүйек айында толық дайын болуы және әлеуметтік нысандардың әзірлік паспорттары тексерілуде. Сонымен қатар көмір жеткізу жұмыстары тұрақты бақылауда. Шаһар басшысы жылу маусымында көмірге байланысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс екенін айттып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді. Сонымен қатар қала басшысы қаланың қысқа дайындығын пысықтау мақсатында жылу-электр орталығына барды. Шаһар басшысы қазандықтардың техникалық жағдайына, желілердің жұмыс режиміне және жүргізілген жөндеу жұмыстарына ерекше назар аударды. Мамандар орталықтағы жабдыктардың жүктемесі мен тұрақтылығы жөнінде баяндап, жылу беру маусымына дайындығы туралы ақпарат берді.

– Жылу маусымына сақадай сай болуымыз қажет. Дайындық жұмыстарын бәсеңдетуге болмайды. Қазірден бастап әлеуметтік нысандардың әзірлік паспорттарын тексеру керек, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Басы 1-бетте

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы ер азаматтардың бір-бірімен қол алысып амандасуы немесе оң қолын жүрек тұсына қоюы ұлттық әдепке сай екенін айтып, тазалық пен тәртіп мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән берді. Оның сөзінше, бұл тек қоршаған ортаның тазалығын сақтаумен шектелмей, адамның ойы мен жан дүниесінің тазалығын да қамтуы керек.

— Біз шын мәнінде мәдениетті, кең мағынада таза ұлт болуымыз керек. Сонда ғана бүкіл әлемге танымал боламыз. Өңірлерде тазалық пен абаттандыру мәселесіне қойылатын талаптар күшейтіліп, бұл бағыттағы жұмыс ел көлемінде жалғаса береді, — деді ол.

Қоғамда ұсақ-түйек санаған мұндай мәселелерді дамыған елдердің басшылары да көтеріп жүр. Әлемдік саясатта мұны «әлеуметтік инженерия» дейді. Мысалы, Сингапурды дамыған ел қатарына қосқан аты аңызға айналған премьер-министр Ли Куан Ю 1992 жылы елде сағыз шайнауға, көшеге коқыс тастауға, жерге түкіруге, тіпті сағыз шайнауға заңмен тыйым салып айыппұл енгізді. Тұрғындар сағызды лифтің түймелеріне, жаңа метро пойыздарының есік датчиктеріне жабыстырып, мемлекет мүлкін бүлдірген. Алғашында халық ренжігенімен, бұл тыйым қоғам мәдениетін түбегейлі өзгертті. Көшеде түкіргендерге мыңдаған доллар айыппұл салып, теледидардан аты-жөнін көрсетіп, маскаралады. Басында әлем жұртшылығы Ли Куан Ю-ді «майдаланып кетті, диктатор» деп күлді. Бірақ бүгінде Сингапур — әлемдегі ең таза әрі инвесторлар үшін ең тартымды мемлекет.

Көрініс ел басшысы Садыр Жапаров та халықтың тұрмыстық әдеттерін тікелей заңмен реттеуді ұсынды. Билік қоғамда «қарапайым той — берекелі той» қағидатын қалыптастырғысы келді. Қырғызстанның мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрлігі дайындаған қаулы жобасында той-томалақтағы шамадан тыс шығынды азайту, отбасын қарызға батудан қорғау және ұлттық дәстүрлерді ықшам форматта өткізу көзделген. Тәртіп бойынша үйлену тойлары мен отбасылық мерекелерді 200 қонаққа дейін мүмкіндігінше бір күн ішінде өткізу және отбасының нақты қаржылық мүмкіндігіне қарай ұйымдастыру ұсынылады. Мал союға да шектеу енгізу мәселесі көтерілді. Той кезінде бір бас мал немесе бір жылқыдан артық союға жол бермеу қарастырылған. Кей отбасылар

Франция президенті Эмманюэль Макрон балалардың ойлау қабілетіне зиян тигізбеу және бір-бірімен шынайы араласу мәдениетін орнату мақсатында мектеп ішінде телефон ұстауына заңмен тыйым салды. Ал Ирландия премьер-министрі Берт Ахерн 2004 жылы әлемде бірінші болып барлық көңіл көтеру орындары мен мейрамханаларда темекі шегуге тыйым салды. Ол кезде халық «үкімет біздің қалай демалатынымызға дейін араласып, майдаланды» деп шулады. Бірақ қазір бұл ереже бүкіл еуропаның стандартты нормасына айналды.

Әлеуметтануда «Сынған терезе теориясы» бар. Егер көшедегі сынған терезені уақытында жөндемесе, адамдар ол жерде тәртіп жоқ екен деп, қалған терезелерді де сындыра бастайды. Көшедегі мәдениетсіздік, бейберекет түкіру, насыбай ату және қоғамдық ортадағы орынсыз әрекеттер психологиялық бейімділіктің алғашқы баспалдағы. Дамыған елдердің көшбасшылары дәл осындай «ұсақ-түйек» көрінген әлеуметтік реформалар арқылы нәтижеге жеткен. Бұл теорияны 1982 жылы американдық әлеуметтанушылар Джеймс Уилсон мен Джордж Келлинг тұжырымдаған. Теорияның негізгі идеясы көшеге коқыс тастау, қабырғаға сурет салу, терезе сынуы, түкіру дер кезінде тоқтатылмаса, бұл жағдай бара-бара үлкен қылмыстың өршуіне алып келеді. Егер бір ғимараттың жалғыз ғана сынған терезесі ұзақ уақыт бойы жөнделмесе, манайдан өткен адамдар бұл жерде ешқандай бақылау жоқ, несіз екен деп ойлайды. Көп ұзамай бұзақылар сол үйдің қалған терезесін де сындыра бастайды. Кейін ол жерге коқыс тасталады, қабырғаларын шимайлайды. Содан соң бұл аймақ тонау, ұрлық және қарақшылық сияқты ауыр қылмыстардың ортасына айналады. 80-жылдары Нью-Йорк АҚШ-тағы қылмыс өршіген алып мегаполис еді. 1994 жылы қала мэрі қызметіне келген Рудольф Джулиани мен полиция комиссары Уильям Брэттон қылмысқа қарсы күресті «Сынған терезе теориясы» негізінде бастады. Олар ең алдымен мафияларды ұстауды емес, метродағы пойыздардың қабырғасындағы граффитилерді жаппай өшіріп, тазалай бастады. Пойыз жолға шыққанда тап-таза болуы тиіс еді. Метроға билетсіз өткендерді, көшеге коқыс тастағандарды, қоғамдық орында ішімдік ішкендерді ұстап, айыппұл салды немесе



Сурет ЖИ арқылы жасалды

қамауға алды. Көпшілік «мәрдң басқа шаруасы құрыды ма, ұсақ-түйекпен айналысып кетті» деп күлді. Бірақ бірнеше жылдың ішінде Нью-Йорктегі ауыр қылмыстардың саны бірнеше есеге азайды. Тәртіп орнатулы ұсақ-түйек көрінген құқық бұзушылықтарды жою арқылы үлкен қылмыстың тамырына балта шапты.

Егер адам аялдамада немесе саябақта түкіріп, насыбай, шылым қалдығын тастай салса, оған ешкім ескерту жасамаса, оның санасында «заң

балмұздақтарын тамызып, кофелерін төгіп, бірнеше ғасырлық мәрмәр тастарды бүлдірген және оларды жуып-тазалауға қала бюджетінен қыруар қаржы кеткен.

Шетелдік инвесторлар, туристер немесе дипломаттар елге келгенде экономикалық көрсеткіштерді емес, ең алдымен көшедегі адамдардың мәдениетін көреді. Көшедегі коқыс, бейберекет түкіру және ресми кездесулердегі тым ерсі амандасу әдеттері сырт көзге

белгілі бір мінез-құлық үлгісін өзі көрсетуі, оны білім беру, ақпараттық саясат және қоғамдық орта арқылы қалыптастыруы қажет.

Қоғамдағы өзгеріс құралдарының бірі — биліктің жеке үлгісі. Егер шенеуніктер қоғамдық тәртіпті сақтап, қарапайым адамдарға ортақ ережелерді орындаса, бұл қоғамға тікелей әсер етеді. Ал жоғары лауазымды тұлғалар заңды айналып өтіп, қоғамдық әдетті елемейтін болса, қарапайым азаматтан тәртіп талап ету орынсыз

«СЫНҒАН ТЕРЕЗЕ ТЕОРИЯСЫ» НЕМЕСЕ МӘСЕЛЕНІҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ ЖОҚ

қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін сақтау мен өзгелерден кем түспеу үшін шамадан тыс шығынға батады. Нәтижесінде мерекеден кейін бірнеше жыл бойы қарыз төлеуге мәжбүр болуы мүмкін. Сондықтан ұсынылып отырған тәртіптің негізгі мақсаты — ұлттық дәстүрлерді жою емес, оларды заман талабына сай ықшамдау және отбасының қаржылық жағдайына зиян келтірмейтін формат қалыптастыру.



«Аппатқұтыр» көлігімен

жұмыс істемейді, маған бәрі болады» деген түсінік қалыптасады. Көше мәдениетін бұзған адам ертең жол ережесін де елемейді, пара беруден де тайынбайды, үлкен қылмысқа да психологиялық тұрғыдан дайын тұрады. Егер мемлекет осындай ұсақ заңбұзушылықтарға көз жұмса, қоғамда жемқорлық, зорлық-зомбылыққа немқұрайлылық қалыптасады. Президент бұл жерде «мүлдем төзбеушілік» ұстанымын орнатқысы келетінін айта кету керек.

Еуропалық көшбасшылар да халықтың тұрмыстық әдеттеріне, мәдениетіне, тіпті балалардың тәрбиесіне қатысты ұсақ-түйек көрінетін мәселелерді мемлекеттік деңгейде талқылап, қатал заңдар қабылдауға алдыңғы қатарда тұр. Римнің тарихи орталығындағы Тревизубұрқағы, Испан баспалдақтары және тағы 40-тан астам көне мәдени ескерткіштердің үстінде немесе жанында отыруға, балмұздақ, пицца жеуге және сусын ішуге заңмен тыйым салынған. Егер біз Президенттің амандасу әдебі мен көше тазалығы туралы айтқанын тым ұсақ десек, Еуропаның мәдениет бесігі саналатын Италияға қарап көрейік. Рим билігі тарихи субұрқақтар мен Испан баспалдақтарында балмұздақ немесе пицца жеп отырған туристерге 450 еуроға дейін айыппұл салады. Басында бұған да халық «үкіметтің басқа шаруасы жоқ па» деп наразы болған, бірақ бұл заң Римнің тарихи келбеті мен тазалығын сақтап қалуының жалғыз жолы болып шықты. Миллиондаған туристер субұрқақтар мен баспалдақтардың үстінде тамақ ішіп,

Басы 1-бетте

мемлекеттің даму деңгейі төмен деген әсер қалдырады.

Дамыған ел саналатын Сингапур мен Жапония деңгейіне жету үшін ішкі мәдениетті де сол деңгейге көтеру қажет. Сингапур кезінде дәл осындай «ұсақ» ережелер мен үлкен айыппұлдардың арқасында әлемдегі ең таза әрі қауіпсіз елге айналды. Еуропалық тәжірибе көрсеткендей, дамыған елдердің басшылары халықтың күнделікті мінез-құлқы мен әдеттерін реттеуден ешқашан қашпайды. Олар мұны майдалану емес, қоғамның өркеніеттілік деңгейін сақтау және мемлекет бюджетін сақтау, тазалық шығындарын үнемдеудің төте жолы деп біледі. Біздің қоғамдағы дәл осындай өзекті де ұсақ көрінген, бірақ зардабы орасан мәселенің бірі — насыбай ату мен көшеге түкіру әдеті. Сырттай қарағанда, болмашы нәрсе көрінгенімен, бұл дерттің өз мәселесі бар. Оның құрамында химиялық элементтер, ауыр металдар, тіпті нәжіс болады. Бұл — ауыз қуысы мен өңеш рагының басты себебі. Мемлекет жыл сайын осы ауруларды емдеуге бюджеттен миллиардтаған қаржы жұмсайды. Сондықтан бұл экономикалық және демографиялық қауіпсіздік мәселесі. Мемлекет басшысы — елдің тек саяси жетекшісі емес, ол идеологиясының бағытын айқындаушы. Егер қоғамда бұл мәселелерді ешкім айтпаса, олар қалыпты жағдай ретінде қабылдана береді. Президенттің міндеті — қоғамға «бұл дұрыс емес, біз бұдан жоғары болуымыз керек» деген бағыт беру.

Кейде қоғамның мәдениеті күнделікті өмірдегі ең қарапайым әрекеттерден қалыптасады. Көшеде коқыс тастамау, қоғамдық орында дауыс көтермеу, кезекте біреудің алдын кеспеу, үлкенге құрмет көрсету, уақытында келу, айналадағы адамдарға келергі келтірмеу. Мұндай әдеттер сырт көзге ұсақ-түйек болып көрінуі мүмкін. Бір адамның тәртібі — жеке мінез-құлық болса, миллион адамның ортақ тәртібі — қоғамдық мәдениет. Жапония тәжірибесі осы тұрғыдан назар аударуға тұрарлық. Елдегі қоғамдық әдептің едәуір бөлігі қатаң заңнан емес, адамдардың бір-біріне жауапкершілігінен қалыптасқан. Мысалы, қоғамдық көлікте телефонмен қатты сөйлеспеу, кезек сақтау, айналага келергі келтірмеу, коқысты өзіңмен бірге алып жүру сияқты қағидалар күнделікті өмірде қалыпты әдет. Жапонияның Ұлттық туристік ұйымы да бұл ұстанымдарды «басқаларға қолайсыздық келтірмеу» және өз әрекетінің айналага әсерін ескеру мәдениеті ретінде түсіндіреді.

Бұл жерде маңызды нәрсе, тәртіптің барлығы міндетті түрде жазаммен қамтамасыз етілмейді. Кейбір нормалар адамның ішкі жауапкершілігіне, отбасындағы тәрбиеге, мектептегі ортаға және қоғамның өз реакциясына сүйенеді. Сондықтан мемлекет үшін қоғамдық мәдениетті қалыптастыру тек полицияға немесе айыппұлға сүйенетін мәселе болмауы керек. Мемлекет

болар. Өйткені заңға деген құрмет адамдардың күнделікті тәжірибесінен қалыптасады. «Оған неге болады, маған неге болмайды?» деген сұрақ қоғамдағы әділет сезіміне әсер етеді. Сондықтан көшедегі тәртіп, көлік жүргізу мәдениеті, қоғамдық орындардағы мінез-құлық, тазалық, амандасу әдебі, кезек сақтау сияқты мәселелерді тек «ұсақ тұрмыстық мәселе» деп қарау дұрыс емес. Жаяу жүргіншіге жол беру, мүгедектің бар адамға жағдай жасау, қоғамдық көлікте үлкен кісіге орын ұсыну, жолды белгіленбеген жерден кесіп өтпеу, айналаны дақтамау — осының бәрі қоғамдағы өзара құрметтің көрсеткіші.

Темекі шегу, алкогольді шамадан тыс пайдалану және басқа да зиянды әдеттермен күрес тек тыйым салумен шектелмеуі керек. Мұнда қоғамдық көзқарас та маңызды. Егер қоғам темекіні балалардың көзіне шегуді, қоғамдық орында түтіндетуді немесе өз әрекетімен өзгелерге зиян келтіруді қалыпты жағдай деп қабылдамаса, мұндай әдеттердің таралуына әлеуметтік тосқауыл пайда болады. Яғни мемлекет заң арқылы шектеу қоя алады, бірақ ұзақ мерзімді нәтиже қоғамның сол норманы қабылдауына байланысты. Амандасу әдебі де мәдениеттің бір бөлігі. Кейде амандасу, кешірім сұрау, алғыс айту немесе үлкенге жол беру сияқты әрекеттерді маңызды емес нәрсе деп қабылдаймыз. Шын мәнінде, адамның мәдениеті көбіне қарапайым қарым-қатынастан көрінеді. Әрине, басқа елдің барлық дәстүрін сол күйінде көшіріп алу міндет емес. Бірақ «менің әрекетім басқа адамға қалай әсер етеді?» деген сұрақ қоғамдық мәдениетті қалыптастырады. Тәртіп — қорқыныштан емес, жауапкершіліктен қалыптасуы керек. Қоғамды тәртіпке келтірудің ең оңай жолы — тыйым салу және айыппұл енгізу. Бірақ ең тұрақты нәтиже адамдар ережені жазадан қорыққандықтан емес, оның маңызын түсінгендіктен орындағанда пайда болады. Баланы кішкентай кезінен қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстауға үйрету, ата-ана, мұғалім, мемлекеттік қызметші және қоғам көшбасшыларының өздері дұрыс мінез-құлық көрсетуі, қоғамның қауіпсіздігі мен жайлылығына нақты зиян келтіретін әрекеттерге түсінікті әрі әділ талаптар белгілеу. Бұл үш бағыт қатар жүрген кезде ғана мәдениет біртіндеп өзгереді.


Қоғамдық мәдениетті қалыптастыру үшін міндетті түрде үлкен науқан немесе қатаң заң қажет емес. Кейде өзгеріс коқысты жәшікке салудан, қоғамдық көлікте, кезекте өз орнын сақтаудан, үлкенге орын беру немесе көшеде темекі шекпеуінен басталады. Бір адамның әдеті екіншісіне әсер етеді. Екіншісі үшіншісіне үлгі болады. Осылайша жеке әдет біртіндеп қоғамдық нормаға айналады. Сондықтан үлкен өзгерістер ұсақ әдеттерден басталады. Мемлекет басшысы мен мемлекеттік институттардың міндеті — осы жақсы әдеттердің қалыптасуына жағдай жасап, үлгі көрсету және қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін нығайту.

Думан КЕҢШІЛІК

АРАЛАП ҚАЙТАЙЫНШЫ

САР ДАЛАМДЫ

(ЖЕРДІҢ АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ)



Одан әрі «Серке сойған» аталатын құдық бар. Біздің нағашымыз, баяғы шопан Өтекен соғыстан кейін көбейген қой фермасының менгерушісі кезінде шұрайлы жерге құдық қазып су шығару үшін Сәтбай әкемізді бас қылып Арғынбек, Әбді, Әбдәмитті қосып жеті-сегіз кісіні қалдырып кетеді. Орғалай Әбдәмитті ас-ақуат дайындауға, аң аулауға шығарып қойса керек. Ардада бір аптадай уақыт өткенде оның қақпанына мүйізі қарағайдай үлкен киіктің серкесі түседі. Алдына таудай етіп текені өңгеріп келген шақта құдық түбінен су да көрінеді. Сөйтіп құдық «Серке сойған» аталады.

Ілгеріде әңгіме болған «Обалының» солтүстік шығысына қарай жаз жайлауымызға ат басын бұрайық. «Киров» совхозында мал баққан бізге жезде болып келетін Мұқан асқалды ел-жұрт «Мұрт Мұқан» дейді. Соғысқа дейін «Тасарық» шаруашылығында партия ұйымының жетекшісі болған ардагер аға соғыста да бірнеше орден алған. Қыр мен Сырға беделі асқан Мұқан Махмұдов мал шаруашылығын дамытуға қосқан еңбегі ескеріліп, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ол кісінің жайлауы да «Мұрт Мұқан» аталады.

Одан әрі «Есімсейіт құдығы» аталатын жылқышының жайлауы. Қызылорда қаласынан 154-шақырымда «Қыздың моласы» деген жер атауы бар. Жезқазған жолының батысындағы төбе басындағы қорым туралы әңгіме әртүрлі болып келеді. Соның бірінде Арғын Ағыбай батырдың інісі, «Айнакөлің» болысы Әйке даулы мәселеге байланысты Сырға келген сапарында Бұлабай ақынмен дос-жар болады. Қырда шешек, қызылша шығып, Ағыбайға аталас бір әулеттен 30 бала шегінейді. Аурудан қорыққан Ағыбай қызы Заурешті Сырға көшіріп жібереді. Жолда сол аурудан Зауреш те қайтыс болады. Біздің ауылда партком хатшысы болып еңбек еткен Бабаж Жөкенов естелік кітабында 1961 жылы көшершілікте бір қойшының әйелі бала үстінде қайтыс болып, сол қыздың моласына жерленгенін жазды. Қабірді қазуға барған Дутбай Мәмбетов деген кісі аузы мұқият жабылған құтыдан табылған қағазды ашып оқығанда ескіше жазумен «1880 жылы. Ағыбайқызы Зауреш» деген жазу шыққанын баяндайды. Ал біздің ауылдың малшылары шегенделген құдықтан су ала барған қыз опырыла құлаған топырақ астында қалғандықтан, «Қыздың моласы» аталған деп әңгіме етеді. Осы жерден бастап «Қыздың шұбары» басталады. Шұбар – көделі, бұталы болып келетін жерге қойылатын атау. Ал «Қыздың шұбарында» одан әрі «Шұбар төбеде» сексеуіл, жыңғыл өскендіктен, жер алыстан алағат болып көрінеді. «Шұбардың» оң жағы жыланша ирелендеп «Сарысу» өзенінің бір сағасы «Жыланды», мол сулы артезиан құдығы сорға құйып жатқан «Сорға» жалғасады.

Әрі қарай «Құрмаштың бауы», сары даланың қас төрінде сарғаммен сырласып тұрған «Қалыбай бауын» бетке аласыз. III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері, атақты шопан Қалыбай Баймырзаевтың балалары Жүсіпбек, Әлібекпен бірге жасаған кереметі. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын». Құлан дүз далаға түрен салып, бауырын идіріп, жемісін сыйлап, ісі қазақтың жақсы мен жайсаңдарына топырағын сүйдірген көрген әкенің өнегесі – ұрпақ өміріне үлгі боларлық сауапты ісінен қалған бір белгі.

1986 жылы Қызылорда облысының бірінші хатшысы Еркін Әуелбеков «Сарысу» мал жайлауының жай-күйімен танысу үшін өзен бойындағы «Қалыбай бауына» ұшағын қондырып, қонақжай ағаның дастарханынан дәм татты. Азаматтардың еңбегіне риза көңілімен бұл отбасы мүшелерінің өтінішіне қарай, сол кезеңдегі тек кеңшар басшыларының қолы зорға жететін «УАЗ-469» жол талғамайтын жеңіл көлігін сыйға берген-ді.

Жезқазғанға баратын күре жолды бойлай «Шұбартөбеге» иек артмаңыз. «Қарағайлы» сол қанаттан қол бұлап көлбенеді. Ертеде қарағай бөренемен шегенделген құдық «Қарағайлы» аталып кетеді. Кеңес үкіметі кезінде бетон құдық қазып, басына қырықшы пунктті салынып, жазда халық көп жиналып, бір қауым ел тіршілік кешкен жер. Күре жолдың 186-шақырымы тұсы Ахметжан шопанның жары, дастарханы қонақтан арылмаған Бекбай апайдың құрметіне «Бекбай жайлауы» аталып кетеді. Жонда Ахметжан жайлаған бірнеше құдық оның есімімен аталады. Осы өлкеде «Сарысу» өзеніне дейін «Октябрь» колхозының малшылары атымен аталатын «Аял құдық», «Насрад құдық», «Байзақ құдық», бір жылы ел сайлауға жиналған құдық «Сайлау құдығы» аталып кете береді. Осы құдықтардың күншығыс бетінде «Сарысу» өзенінің «Аққұм» түбінен саға тартып «Күбілі» сайы он-он бес шақырымға созылып келіп «Қаракөлге» құяды. Көктемде мол су «Күбілінің» батыс бетіне жайылып, бұл өлке ерекше сұлу көрінеді. «Күбілінің» жағасы менін туған жерім болғандықтан, ерекше ыстық. Балығы тұлаған «Қаракөлге» шомылып жылда бір жасап қалатын қуат алып аунап-қунап қайтатын туған жердің орны бөлек. «Күбілінің» бойлай «Сарысуға» бет түзесеніз, жазық даланың шетін көмкеріп биік құмтөбелермен, биік шоқаттармен қоршалып тұрады. Осы құмтөбелердің бөктерінен Ташкенттен, Шымкенттен пісімішілік кезеңінде шыққан жүк таситын көліктер өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін Жезқазған,

одан әрі асып жататын. Сол жол «Өзбек жолы» аталатын. Оның бойындағы тегіс алқап, өзен жақтағы терең сай – ертеректе «Сіңіртектің сайы» аталған біздің қырық жыл құт мекеніміз болған жаз жайлауымыз.

Өзен бойын жағалап «Аққұм» аталатын ақ шағыл биік құмтөбеден төмен «Шыбық» деген жер бар. Жылда көктемде қып-қызыл болып жыңғыл көктеп шығатын өлкені халық «Шыбық» атандырып жіберген. Осы жерде «Айкай төбе» деген биік құмтөбе бар. Біздің ферманың есепшісі, зоотехнигі Бикжожа Сүлейменұлы таң ата биік төбеге шығып, қырымға шақыратын. Ескіше сауатты, сыпайы ағаның құрметіне «Бикожаның айқай төбесі» атанып кеткен. Таңғы дауыс ондаған шақырымға жетіп, ауыл-аймақ лезде жиналып, жұмысты атқара беретін ұйысқан елдіктің белгісіндей болып төбе әлі тұр.

«Шыбықтан» жорға мініп шыққан мен жаз бойы мал жайылып көгі қыркыла бастаған «Белең анаға» сүттісірім уақытта сыдыртып жетіп қалғандаймын. Құмтөбелерді артқа тастап бір белеске көтеріліп келемін. Аумағы атшаптырымдай бозаң тартқан бұл кезең – «Белең ана». «Бұл жер қыпшақ мемлекеті тұсында хан сарайының орны болған. «Сығанақ», «Сауран» қалаларын құтбаса, жазда саялайтын орны болған ескерткіш маңында өзге сарайлар, әлемі күмбез үлгілері сақталған» деп жазды Қазақ Ұлттық энциклопедиясы.

«Сарысу» өзенінің төменгі бойында «Белең ана» ежелгі қала орны орналасқан. Орта ғасырларда өмірін тоқтатқан елеулі сауда көлеңер орталығы» деген Ә.Марғұлан шығармаларында. Көл-көсір, жан-жақты білім иесі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Талмас деген аулиенің бәйбішесі – Болған, тоқалы – Белең, кіші тоқалы – Ақбікеш. Болған «Сарысудың» жоғары жағында Ұлытауда, Белең Сарысудың аяғында, Ақбікеш Қаратауда қоныстанған» дейді.

Дала аңыз ақылы асқан Талмас аулие үш әйелін үш жерге орналастырып, желмаасын желдіртіп отырып Қаратаудан ерте Ақбікеш ауылынан аттанып, Белең анаға түсетіні, қонаға Ұлытауға Болған ананың ауылына жететіні еді дейді. Белең ана – Жошы ханның екінші қызы, Қашқар билеушісі Арыстан ханның жары. Қашқарлықтар ханды өлтірген соң Белең жесір қалып, әпкесі, Талмастың жары Болған ананың жанына келеді. Болған ана кесенесі Жезқазған қаласының оңтүстігінде «Сарысу» өзені бойында биік төбенің басында орналасқан болса, Белең ана орыс географы, саяхатшысы П.Рычковтың айтуынша, «от озера Теликуль, в которое впадает Сарысу, до Белең ана был один день езды. Название Белең ана получилось от имени женщины, которая у них считалась святой».

«Сарысу» өзенінің бір сағасы, «Сіңіртект» өңіріндегі «Аққұмның» бір сағасы «Күбілі сай» «Қаракөлге» құяды. Осы жерде көктемгі көші-қон кезінде наурыз айының соңғы күндерінің бірінде дүние есігін ашыпшы. Анамын айтуынша, менің туған жерімнен «Белең ана» қозықш жер.

Әңгімеміздің тоғысар тұсы «Сарысу» болғандықтан, осы өзенте де тоқтала кетейік. Қатпарлы қазақ тарихындағы талай оқиғаның куәсі «Сарысу» «Сарыарқадағы» «Бұғұлы» тауынан бастау алады. Телікөлге дейінгі ұзындығы 800 шақырым. Қарағанды, Қызылорда облысына өртәк өзен көктемде тасып ағып, жан-жағында алқаптарды су шайып, ойлау жерлердегі қарасулар мен көлдерді толтырып, жаз ортасынан ауа ағысы бәсеңдеп, табанында алтын түстес сарылаша құмға сіңіп бөлініп қалады. Жезқазған тұсындағы кенді алқаптан өтердегі топырақтың түсі оңғанын көріп, ел Сарысу атап кетсе керек. Қандай өзен-көл болсын, сол жердің топырақ түсінің өзгеруіне орай судың түсі құбылып тұратыны айдан анық қой.

Осы өзеннің «Жармадан» төмен «Аймырза-Бәтеш» аталатын тарихи жер атауы бар. Бұл кісілер найманның Қожас аталығынан тарайтын Жырыққа жатады. Жырықтан Сарыбай, Сарыбайдан Өтеп пен Өтеу тарайды. Өтептен Төлек – Қонырбай – Сандыбай. Сандыбайдан Ерден. Сандыбайдың Ердені туралы көзіқарақты оқырман хабардар болғандықтан, әңгімемізді Өтеуден тарайтын Байсал, Байсалдан Тілеукабыл, Тілеукабылдан Байменге жалғайық. Баймен бәйбішесінен Бәтеш, тоқалынан Қадірбай, Сәдірбай, Едіге тарайды. Сәдірбайдан Рақымбек. Едігеден Хамитбек (Әбділхамит) – Қоғалыкөлге қоныс аударып, ғұмыры осы ауылда өткен жандар.

Байменұлы Бәтеш жастайынан тентек болып өскен, айбынды жан дейді Құрмаш асқакөл. Байменнің тікелей ұрпағы болып саналатын қоғалықкөлдi Зейнолла Хамитбекұлы жас та болса өткен тарихты зердесіне тоқып өскен. Бәтеш жасы он алтыға келгенде әкесінен енші сұрап, «бар малды қак бөлеміз, жартысы менікі, жартысы үш баламмен саған қалады» деп талап қояды. Баймен баласына сол кезден бастап қырын қарайды екен. Торғай жағының кісісі тартып алып кеткен ауылдасының жүйрік атын бір тойда танып, төбелес қылып тартып әкеледі. Осы кезден бастап Жырық Найман елі «Теңіз толқасы көбіг бетіне шығады, ел толқасыа тентегі шетіне шығады» әкесі шеттеткенімен, елге пайдасы тиді ғой деп Бәтешті қолдай бастаған екен.

«Телікөл» мен Жезқазғанға дейінгі аралықтағы үш жүз шақырымға созылған «Қызылжыңғылға» болыс болып осындай беделінің арқасында сайланады. Болыс кезінде көп игілікті шараның басы-қасында болған Бәтеш «Сарысу» өзенінің бойына су диірменін орнатып, өздері еккен арпа-бидайды тартып, халқына үн етіп берген. Тағардан молда ұстап, бала оқытқан. Өзбек, татар ұсталарына қыстау, үй-жайлар салдырған. Су диірменінің бертінде дейін өзеннің жарқабағында тұрғанын біздің тұстастарымыз әңгіме етеді. Татар молданың ақылымен төрт түлік малды алтыңға айырбастап, көмпекке қарсаңында ағайынды төртеуінде жетпістей ғана жылқы қалып, орта шаруа ретінде тәркілеуге ілінбей қалған. Бәтеш 46 жасында көмпексеге жетпей қайтыс болды дегеніне қарағанда 1882 жылдары дүниеге келген. «Бәтеш қыстауы», «Бәтеш төртқұлағы» жайлы Ұлттық энциклопедияда күйдірілген қыштан салынған әсем ғимараттардың суретімен берілуі Бәтештің өз замандастарынан озық туғанын айғақтаса керек. Мен де бала кезімде «Аймырза-Бәтеш» қыстауын, қорымын өз көзіммен көріп, сызбасын сызып алғанмын. Көшпенді ғұмыр кешкен қыр қазақтарын отырықшылыққа бейімдеп, егін салып әсем ғимараттар тұрғызуы айтарлықтай оқиға еді. Құрылыстың асқан шебердің

қолынан шыққанын көріп таңғалғанмын. Кейін Баймен қайтыс болғанда «Сарысу» бойындағы «Байменнің қарақасасы» деген қорымға аманаттап жерлеген. Қардың көбесі сөгілген соң, Түркістанға апарып жерлеген де осы Бәтеш еді. Қазақтың хандары мен батыр-билерінің мәңгілік жаны жай тапқан жерге жерлеуі Бәтештің етінің тірілігі мен баяғы алтынға айналған мол дүниесінің арқасында еді.

Бұл өңірге келген жан «Сарысу» өзенінің шығысында алыстан мұнартып, өзіне еріксіз тартатын «Танбалының Нұрасына» соқпай кетпейді. 1989 жылы осы тарихи өлкені екі-үш күн бойы салт атпен ерқашты болып, шөл қысып аралап қайтқаным бар-ды. «Қызкеткен», «Қызылмола», «Аққұмның жарынан», «Шақпақтан» астым. «Шақпақтың» басында жылап аққан бұлағы бар аумағы екі-үш тектардай болатын тұз еді. Ертеде қыр халқы жел-құздан айығу үшін апталап басына қостанып тұзға түседі. «Дәретсіз барғанға тұз жақпайды» деп үлкендер әңгіме қылатын. Кезінде қаншама отар қой қарақол елтірісін тұздауға, асқа қату үшін машиналап тасығанда таусылмаған тұз қазір сорға айналған. Тұз қыста қардың, жазда жауынның болмауынан азады. Табиғаттың тағы бір шипалы бұлағы тартылып тынды. Одан әрі «Танбалының Қаратұзы» аталатын ұшы қиыры жоқ тұзды жанай өтіп, «Танбалының Нұрасына» ат шалдырдым. «Нұрадан» төмен қарай суағар жырлардың қабырғасы қалың тасқабырғаларға салынған сурет жазулардан көз тұнады. Кейінгі кезде қашап жазылған есімдер. Өткен ғасырдан сыр шертетін таңба белгі көріне қоймайды. Сол жыраның бірінен ағып жатқан бұлақ суына атымды суарып, ас-суымды ішіп, жоғары өрлеп сай-саланы аралап келемін. Кейінгілер аяқасты болып, трактормен сүрілген таңбалы тастың бір бөлігін ақ силикат кірпіштің ортасына қалап өріп, кісі бойы көтеріп қойыпты.

Осы мақаланың барлық оқиғасының тоғысар тұсы – «Сіңіртект жайлауы». «Жалқұмды» жағалап келіп «Майлытонға» ат басын тірейік. Терістігі биік «Жалқұм» ұзыннан-ұзақ өзен бойын алыстан қоршап, жалғасып кетеді. Құмтөбелердің арасынан құмға көмілген қара қойтастардың ұшырауы бір заманда бұл жерде биік таулар болғанын әйгілесе керек. Уақыт тезіне ұшырап құмға айналған құмтөбенің ойында «Ойшұрық», «Қыршұрық», «Қиыбай тамы», «Насрадқұдық» аталатын құдықтар, Ахмет ишан мазары жатыр. Алты Алашқа аты мәлім Бағаналы Наймандағы алты ата Ақтаздан тарайтын Тіней батырдың сегізінші ұрпағы Ахмет ишан (1861-1926) өз заманында Арқа мен Сырға өте ықпалды кісі болған. Дін, білім, ағарту, денсаулық істері бойынша абырой иеленген. XX ғасырдың басында қазаққа нәубет болған ода, құрт ауруының емін білген. Көшпенді өмір жағдайында ота жасап, талайдың ажалына араша болған жан. Қазақ ғылымына үлесі зор ұрпақ өсіп-өнген әулет туралы шығармаларды көзіқарақты оқырман оқыған болар. «Майлытонның» биік сары құмына шықсаңыз, алыстан мұнартып «Төсбұлақ» тауы көрінеді. Жақын жерде жеке-дара «Жетімтау» тұр.

Алла тағала өз құдіретін көрсету үшін табиғатты жаратуға таңғаларлық құбылыстарды паш етеді. Алыстан мұнартып тұрған алып тау жақындағанда тек жота болып шыға келеді. Айнала қуан тартқан боздалада таудың орта тұсы көкпенбек болып көзге ерекше көрінеді. Аяқ бассаң, баланың еңбегіндей былқылдаған жасаң жерден түрткен шұқырға су жинала қалады. Кетпен алып жиналған судың көзін ашып, жылға қазсаңыз, төмен қарай жоңкіле жөнелуге дайын. Төсі ылғалды осы жотаның «Төсбұлақ» аталуы заңды. Төмен қарай құлаған су отарға еркін жететін мол сулы өлкеде бұдан басқа «Бақабұлақ», «Балабұлақ» кездеседі. 1973 жылы әлі мектеп бітірмеген кезім. Тетелес ағайым Сырлыбай екеуіміз түйе іздеп, «Төсбұлақтағы» аманкелділік түйекеш Әбсаттар асқакалдың үйіне түнедік. Өбекең «геологтар «Төсбұлақтың» ұшар басынан киттің қабырғасын тауыпты» деп әңгімелеп отырды. Бағзы замандарда шалқыған теңіз болған өлкенің ашылмаған сыры әлі көп екеніне сонда көзіміз жеткен-ді.

Одан әрі «Борлысай» асып, өзен бойындағы «Көкалажардан» өтіп «Ақши» аталатын алқапқа асасың. Ерте көктемде бір үйір жылқымызды айдап тастап, күзде Сырға көшерде бір-ақ қайыратын «Ақшиге» ауыл болып қостанып барып, ши тартуымыздың өзі бір жорық. Даланың аң-құсы, балығын аулап апталап жатып, бүкіл ауылды орап тастайтындай қанат-қанат ши артып келіп аналарымызды қуантар едік. Ала жаздай ши тоқуды іні-қарындастарымызға үйретіп, ұлттық көлеңердің дамуына хал-қадірімізше үлес қостық. Қой қосақтау, сауу, ірімшік, құрт дайындау ауыр еңбек болғанымен, нәрлі тағам, өнегесі мол қазақы дәстүр. Көштің сән-салтанаты ше? Айта берсе, әңгіме таусыла ма?! Қазақы көшпелі өмірдің ең соңғы буыны біз болғасын, кейінгіге өнеге болсын, қәдеге жаратсын деп әңгіме еттік.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,
Халықаралық Жазушылар одағының,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы

Басы №64 санда. Соны.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3326 Тапсырыс №1494
---	---	--	--	---

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА